

25 қыркүйек күні КЕМЕ (кәсіби ерекше мұғалімдер еңбегі) “Сапалы сабақ-нәтижелі білім кепілі” тақырыбында Әдістемелік лайфхак кеңесу - әдістемелік сессиясы болып өтті.

Мақсаты: Педагогтердің кәсіби өсуіне қолдау көрсету, тәжірибе алмасу, әдістемелік лайфхактармен бөлісу арқылы оқу тиімділігін арттыру.

Тренинг-сессияны физика-информатика пәндері бірлестігінің мүшелері информатика пәні мұғалімі педагог Б.Ақмурзиева және физика пәні мұғалімі А.Саламат ұйымдастырды.

Тренинг-сессия барысында ЖИ құралдарының қолдану тиімділігі айтылып, іс-тәжірибеде қолдану тәсілдерімен бөлісті.

Qazmath

1. Жалпы ақпарат

Qazmath — Қазақстандағы қазақ тілді математикаға арналған онлайн платформа.

Платформада математикалық курстар, тесттер, емтихан жұмыстары, видеосабақтар және электронды кітаптар жинағы бар.

Сайт пайдаланушыларына материалдарды тіркелусіз де қарау мүмкіндігі берілген.

2. Қызметтері мен мүмкіндіктері

- Интерактивті тесттер мен тапсырмалар — білімді бекіту мақсатында.

-Емтихан жұмыстары — SAT, IB, CIE сияқты халықаралық емтихандардың тапсырмалары.

-Видеосабақтар — таңдалған мұғалімдердің түсіндірмелі сабақтары.

-Ұстаздарға арналған құралдар-(Ustaz.qazmath.net) — сабақ жоспарлау, тест құрастыру, оқушы топтарын басқару, таймер, рейтинг жүйесі т.б.

3. Артықшылықтары

-Қазақ тілінде болуы — қазақ оқушыларына ыңғайлы.

-Көп құралдардың қолжетімді болуы (тест, видео, кітаптар).

Мұғалімдер үшін арнайы платформа — материалдармен бөлісу және сабақ ұйымдастыру мүмкіндігі.

4. Қиындықтары мен шектеулер

- Платформаның толық мүмкіндіктерін пайдалану үшін интернетке тұрақты қосылу қажет.

-Кейбір функциялар тек тіркелген қолданушылар үшін ашық болады.

Suno — жасанды интеллект (ЖИ) негізіндегі музыканы мәтіннен (text-to-music) генерациялайтын платформа. Оның мүмкіндіктері, шектеулері және құқықтық мәселелері туралы сипаттама берілді.

Сілтеме: https://www.instagram.com/p/DPL_tJ_jl3Z/?igsh=ZXlxY3U0cXIIM2k4